

Қоғамдық жұмыстарға тарту үшін сотталған азаматтарға қоғамдық жұмыстар түрлерін анықтау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 03 желтоқсандағы N 475/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 желтоқсанда N 3653 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 06 наурыздағы № 71/3 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 06.03.2015 № 71/3 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Железин ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталған азаматтарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері қосымшаға сәйкес анықталсын.
2. Селолық округтің әкімдері Железин аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Железин ауданы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Абушахманов

Железин ауданы әкімдігінің
2013 жылғы "03" желтоқсандағы
N 475/11 қаулысына
қосымша

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталған азаматтарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері

1. Аумақты мұздан тазалау.
2. Аумақты қардан тазалау.
3. Аумақты қоқыстан тазалау.
4. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазалау.
5. Аумақты арамшөпден тазалау.
6. Ғимараттарды, қоршауларды сырлау.
7. Ғимараттарды, қоршауларды, ағаштарды ақтау.
8. Гүл хауыздарын, кошеттерді бөлу және отырғызу.
9. Гүл хауыздарын, кошеттерді суғару.
10. Бұталарды шабу.
11. Шөп шабу.
12. Су қоймаларын шөптен және қотыстан тазалау.
13. Ескі құрылыстарды бұзу кезіндегі құрылыс қоқыстарын тазалау.